

Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты

2021-2022 оқу жылы

**06-11 желтоқсан аралығында өткізілген іс-шаралар жоспарының
ТАЛДАМАСЫ**

11 желтоқсан

Апталық жоспарға сәйкес 06-11 желтоқсан аралығында келесі жұмыстар атқарылды:

1. Мұғалімдердің қысқа мерзімді жоспарлары күнделікті тексеріліп, жас мамандарға қысқа мерзімді жоспар құру бойынша әдістемелік ұсынымдар айтылды.

2. Пән мұғалімдерінің электронды журналды уақытылы жүргізілуі күнделікті бақыланып, есеп берілді.

3. Оқушылардың сабаққа қатысулары күнделікті сынып жетекшілері тарапынан тексеріліп, сабақ босатқан оқушылардың себептері бойынша есеп алынды.

4. Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, құқық негіздері пәндерінің сабақтары әкімшілік тарапынан бақыланды. Пән мұғалімдері күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сай сабақ жоспарларын ұсынып, сабақ барысында белсенді оқыту әдістерін қолданды.

5. Апта бойы оқушылардың Республикалық ғылыми жоба конкурсының іріктеу кезеңіне дайындығы қадағаланды.

6. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын толық меңгеру арқылы кеменгердің ақындық болмысына үңілу, Абайдың шығармашылық өмірінен гибрат алу, өмірде қолдана алуға бағыттау, оқушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында 8-9 желтоқсан күндері «Абайтану» олимпиадасын өткізді. Олимпиадаға 8-11-сынып оқушылары қатысты. Олимпиада екі айналымнан тұрды. 1-айналымда оқушылар Абай қарасөздері мен поэзиясы негізінде дайындалған тақырыптардың біріне эссе жазды, 2-айналымда М. Әуезовтің «Абай жолы» романы бойынша таңсырмалар орындады. Олимпиаданың 1-2-айналымдарының қорытындысы бойынша: Кәрім Аружан, 8а-сып. 1-орын, Дулатова Алуа, 9б-сын. 1-орын, Жылқыбай Айсара, 10а-сын. 1-орын, Сулейменова Гүлшекер, 11б-сып. 1-орын, Балисбекова Жұлдыз, 9а-сын. 2-орын, Хойшыбай Назым, 10а-сын. 2-орын, Бекмолдина Жанерке, 10а-сын. 2-орын, Билялова Аликә, 11а-сын. 2-орын, Әділбай Ақбаян, 10б-сын. -3-орын.

1-орынға иеленген 9-11-сынып оқушылары қаңтар айында өтетін республикалық «Абайтану» олимпиадасына қатысады.

7. Апта бойы таңдау, элективтік курс сабақтарының өтуін қадағаланды.

8. Ағылшын, орыс, математика пәндері бойынша элективті, таңдау курс сабақтарына қатысу кезінде келесі секертулер жасалынды: Сабақ жоспары құрылымында курстың типін, атауын дұрыс толық жазу, оқушыларға шығармашылық, практикалық жұмыстарды ұсыну, орыс тілі мұғалімі Ташмағанбетова Л.Н. қатысқан уақытта сабақ жоспарын ұсынбағаны.

9. «Педагог-зерттеуші» санатындағы мұғалімдер Ахат А.Д., Даулетқалиева Т.Б., Әдей Ж., Алпыспаева С.А., Шалабаева А.Б., Куспекова К.М., Маженова А.А. озық педагогикалық тәжірибені жалпылау материалдарын тапсырған жоқ, сондықтан осы жұмыс бойынша облыстық деңгейде өтетін іс-шараға қатысу болмайды.

10. «Олимпиадалық резерв» мектебі өз жұмысын жалғастырды.

11. 8-сыныптар арасында өтетін «Әрекетті көшіру» тақырыбындағы психология-лық тренинг жалпымектептік БТС болғандықтан басқа күнге ауыстырылды.